№02 (121) 2024 жыл
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

# ТАҒЫЛЫМ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
*Редакция жетістігі: 12 жылдық тарих, 100 мыңнан аса публикация*

100 ҮЗДІК МАҚАЛА

**«ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН 100 ҮЗДІК МАҚАЛАСЫ»**
**арнайы әдістемелік шығарылымы**

**Специальный методический выпуск**
**«100 ЛУЧШИХ СТАТЕЙ ПЕДАГОГОВ КАЗАХСТАНА В 2023-2024 УЧЕБНОМ ГОДУ»**

**Special methodological issue**
**«100 BEST ARTICLES OF TEACHERS OF KAZAKHSTAN PUBLISHED IN THE 2023-2024 ACADEMIC YEAR»**

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРДЫ ИНДЕКСТЕУ

«EDUNEWS.KZ» БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН ШЫҚҚАН ШЫҒАРЫЛЫМ →

EDUNEWS.KZ
EDUCATIONAL NEWS AGENCY

EDUCATIONAL SCIENCES INDEX

**Директор**
Ғабит Тұяқбаев

**Атқарушы директор**
Нұрболат Қуандықов

**Бас редактор**
Зухра Ермағанбетова

**Редакторлар**
Аққуміс Урлинбасарова
8 (700) 021 90 60
Назерке Ескермес
8 (700) 442 90 60
Айдана Ілімбетова
8 (700) 447 90 60
Бибарыс Сапибеков
8 (778) 330 50 31

**Дизайнер**
Бибарыс Сапибеков

**Меншік иесі**
**"Руханиятты қолдау"**
**қоғамдық қоры**

**Редакция мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы,
Желтоқсан көшесі 44
Байланыс телефоны:
8 (701) 414 19 33

Тараз қаласы,
Абай даңғылы 200
Байланыс телефоны:
8 (747) 555 90 60

Астана қаласы бойынша:
8 (701) 355 90 60

Астана қаласы бойынша өкілі:
Сабыр Абилкаримов
8 (705) 331 50 65

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Елеусінов Бауыржан** - физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, "Өрлеу" БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры

**Ергөбек Құлбек** - Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

**Жақып Бауыржан** - филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ энциклопедиясының Бас директоры

**Көпбаев Темірғали** - филология ғылымдарының кандидаты, "Қазығұрт" баспасының директоры

**Тұрсын Құдайберген** - филология ғылымдарының докторы, профессор, Сүлейман Демирел атындағы қазақ-түрік университеті

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

*Редакция жетістігі: 12 жылдық тарих, 100 мыңнан аса публикация*

# ТАҒЫЛЫМ

**2011 жылдың наурызынан бастап шығады**

**Х бөлім** **№02 (121)**

**Ақпан 2024 жыл**

EDUNEWS.KZ
EDUCATIONAL NEWS AGENCY

EDUCATIONAL SCIENCES INDEX

*«Educational Sciences Index» Қазақстан педагогтарының ғылыми-әдістемелік жинақтарының базасында индекстеу жүргізіп, «Edunews.kz» ақпараттық агенттігі арқылы республиканың педагог қауымына таратылады*

**Басылым Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, 2011 жылдың 26 қаңтарында №11349-ж тіркеу куәлігі берілген**

## МАЗМҰНЫ

**Султанаева Эльмира Жузимбаевна,**

*Деректердің типтері*............................................4

**Алимжанова Лаура Акимбековна,**

*Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы* ............................................6

**Қайырова Гаухар Хасанқызы,**

*Түстер әлеміне саяхат* ............................................8

**Нұрғалиева Гаухар Мусақызы,**

*Менің Отбасым*............................................9

**Таубаева Нуржамал Нурыллаевна,**

*Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу* ............................................10

**Оспангалиева Жанылсын Кайыргазиевна,**

*Дүниежүзі халқының діни құрамы*............................................12

**Айтуганова Жанна Ерсиновна,**

*Адамның табиғатқа бейімделуі*............................................14

**Сейсембеков Данияр Муратханович,**

*Көмекші етістіктің зат есіммен және сын есіммен тіркесуі*............................................17

**Бисенова Гулфайруз Серікбайқызы,**

*Гендік инженерия. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем* ............................................20

**Сұлтанмұрат Динар Ахметқызы,**

*Ұнатамын күзді мен*............................................24

**Ниязбекова Мадина Уахитовна,**

*Наурыз мейрамы*......26

**Туретаева Гулмирам Булатовна,**

*Балабақшадағы балалармен ұсақ қол моторикасына арналған жаттығу жұмыстары және олардың сөйлеу тілін дамытуға ықпалы*......27

**Ныгметова Еркеш Нурдильдиновна,**

*Баланың сапалы білім алудағы отбасының маңыздылығы мен қолдауы*......28

**Имангазина Гүльжайнар Изтаевна,**

*Бөлшектерді пішу*......29

**Тюлюкпаева Бакыт Секеновна,**

*Математика сабақтарында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары*......30

**Рудницкая Елена Фридриховна,**

*Воздействие пестицидов на окружающую среду и здоровье человека*......32

**Букай Эльмира Серікқызы,**

*Тату елдің баласымыз. Тілегіміз - бейбіт күн*......34

**Жаксылыкова Нуркул Алмахановна,**

*Сынып жетекші –тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы*......35

**Нұржанқызы Айжан,**

*Шығайық, білім шыңына*......36

- Ал, енді әжеміз пісірген бауырсақтардаң жеп көрейік!
- Әжемізбен қоштасайық. Сау болыңыз, әже!

- Ал енді пойызымызға отырып балабақшаға оралайық!

**ТУРЕТАЕВА ГУЛМИРАМ БУЛАТОВНА,**
"Болашақ" мектепке дейінгі ұйымы
Тәрбиешісі
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы

# БАЛАБАҚШАДАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫНА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛЫ

Баланың дамуы, қозғалысы ойынға, ойыншыққа деген қызығушылығы айлық даму процесінен басталады. Бала ерте жасынан бастап қолымен кез – келген затты, ойыншықты ұстап көруге, әсіресе, ауызға салу қадам жасағаннан бастап бірінші ата – анасы бақылап, анализ жасап отырған дұрыс. Ал, балабақшаға барған соң баладағы танымдық процесс әр түрлі дидактикалық материалдар, түрлі дамытушы орта ресурстарымен дамып отырады. Балабақша тәрбиешілері мен ата – ана алдындағы ең үлкен бала үшін жауапты мәселе: баланың денсаулығының қалыптылығы, баланың психо-физикалық жағдайы, таным, зейін, қабылдау процестері, баланың өз – өзіне қызмет көрсету дағдыларының ақырындап қалыптасуы: Бұл ерекшеліктердің барлығы бала үшін сөйлесу, әңгімелесу процестері, дидактикалық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы алға жылжиды.

Біз жұмыс жасап отырған «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымында топ тәрбиеленушілері арасында ең басты назарда ұстайтын баланың сөйлеу қабілетін жақсартуға ерекше көңіл бөлеміз. Өйткені, баланың сөйлеу тілінің кешеуілдеуі диагнозы балаларға жиі қойылып жатқан диагноздардың бірі және диагноз қатары да жылсанап көбейіп келеді. Осы орайда біздің балабақшада балалармен көбіне ұсақ қол моторикасына арналған жұмыстарды жүргізе отырып, баланың сөйлеу тіліне ерекше назар аударамыз. Саусақ ойыны - бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс- қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т. б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады.

Сонымен қатар ертегілер қолғаптарын саусақтарға, қолға кию арқылы бірінші тәрбиеші айтып, келесі кезекте балалардың өздеріне рольдік ойын ретінде сахналатуға да жұмыстар ұйымдастырамыз.

Сол сияқты мысалы, қарапайым ермексаз бөліктерін арнайы суреттерді толықтыру жұмыстары, фетра материалынан сюжетті суреттерді құрастыру тапсырмалары оларды құрастыра отырып, сұрақ – жауап орнатуға жұмыстанамыз. Сол сияқты дәнді дақылдарды арнайы жәшіктерге сала отырып, арасына балаларға ойыншық түрлерін жасырып, баланың өзіне таптыру жұмыстарын да түрлендіріп орындатуға болады. Бұл жұмыстардан күтілетін нәтиже: балада қызығушылық артады; ойлау кеңістігі дамиды; Тәрбиеші мен бала, ата – ана арасында коммуникативтік байланыс орнайды; балада жауапкершілік, сенімділік пайда болады. Бұл жұмыстардың барлығы дайын материалдар мен қалдық заттар, кеңсе тауарлары арқылы да қолдан жасап, жүзеге асыруға болады.

Егер балада қандай да бір сөйлеу тілінде кешеуілдеу немесе тіл дыбыстарын айтуда қиналыстар байқалса, балабақша әкімшілігіне хабардар ете отырып, ата – анасымен жеке әңгімелесулер өткіземіз. Балаларға оқыту орталықтарына, арнайы мамандармен жұмыс жасауға кеңес береміз.

Журнал редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелдi.
«Рухани жаңғыру» баспа орталығында басылды.
Пiшiмi 17,5х24,5 көлемi 11 баспа табақ. Офсеттiк басылым
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №435
Бағасы келiсiмдi.
Қарiп түрi «Таймс». Қағазы офсеттiк